## "Облыс аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 24 тамыздағы N 231 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 7 қыркүйекте N 1830 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 24 желтоқсандағы N 369 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012.12.24 N 369 қаулысымен

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 27-бабы 2-тармағына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 Заңының 9-1 бабы 4-тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса берілген «Облыс аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу» электронды мемлекеттік қызметтің регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі С.Біләлов*

«КЕЛІСІЛДІ»
*Қазақстан Республикасының*
*Көлік және коммуникация министрі А.Жұмағалиев*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 24 тамыздағы № 231 қаулысымен бекітілген

## «Облыс аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу» электрондық мемлекеттік қызмет регламенті

### 1. Жалпы ережелер

1. Электрондық мемлекеттік қызметті баламалы негізде халыққа қызмет

көрсету орталықтары арқылы (бұдан әрі – Орталық), сондай-ақ алушыда электронды-цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) болған жағдайда www.egov.kz. «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі - Портал) арқылы «Солтүстік Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ЖАО) көрсетеді.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет «Ақпарат және мұрағат ісі саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2315 қаулысымен бекітілген « Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.

3. Электрондық мемлекеттік қызметті автоматтандыру дәрежесі: ішінара автоматтандырылған (медиа-алшақтықты қамтитын электрондық мемлекеттік қызмет).

4. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық.

5. Осы Регламентте қолданылатын ұғымдар және қысқартулар:

1) «электрондық үкіметтің» веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЭҮП);

2) ЖАО АЖ – жергілікті атқарушы органның ақпараттық жүйесі/жергілікті атқарушы орган қызметкерінің автоматтандырылған жұмыс орны бөлігінде Қазақстан Республикасының «электрондық үкімет» шлюзінің қосалқы жүйесі ретіндегі өңірлік шлюз» ақпараттық жүйесі;

3) халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі – мемлекеттік қызметтер көрсету үдерістеріне қатыстырылған мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет көрсетуге және электрондық ақпараттың қорларына қолжетімділіктің бірыңғай нүктесі ретіндегі ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ХҚКО АЖ);

4) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолдану арқылы ақпаратты сақтау, өңдеу, іздеу, тарату, жіберу және ұсынуға арналған жүйе (бұдан әрі – АЖ);

5) жеке сәйкестендеру нөмірі – жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкерлік түрінде өзінің қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – ЖСН);

6) бизнес-сәйкестендіру нөмірі – бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға (филиал және өкілдік) және жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – ЖСН);

7) пайдаланушы - өзіне қажетті электрондық ақпарат қорларын алу үшін

ақпараттық жүйеге жүгінетін және оны пайдаланатын субъект;

8) транзакциялық қызмет – пайдаланушыға электронды сандық қолтаңбаны қолданумен өзара ақпарат алмасуды талап ететін электрондық ақпараттық қорды ұсыну жөніндегі қызмет;

9) электронды сандық қолтаңба – электронды сандық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін дәлелдейтін электронды сандық символдар жиынтығы (бұдан әрі – ЭСҚ);

10) электронды құжат – ақпарат электронды-сандық нысанда берілген және электронды сандық қолтаңбамен дәлелденген ақпараты бар құжат;

11) электрондық мемлекеттік қызмет – ақпараттық технологияларды қолданумен электронды түрде көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

12) электронды анықтама – шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу туралы анықтама (бұдан әрі – е-анықтама);

13) ЖАО - жергілікті атқарушы органдар;

14) «электрондық үкімет» шлюзі – электрондық қызметтерді іске асыру аясында «электрондық үкімет» ақпараттық жүйесін ықпалдастыруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮШ;

15) «Электрондық үкіметтің» өңірлік шлюзі – ЖАО ішкі жүйелерімен/кіші жүйелері және ЖАО электрондық қызметтер көрсету үдерісіне қатысушы сыртқы ақпараттық жүйелер арасында өзара іс-әрекеттестікті қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮӨШ);

16) ҰКО АЖ – Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыру орталығының ақпараттық жүйесі;

17) құрылымдық-функционалдық бірліктер – электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің немесе өзге де ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі ( бұдан әрі – ҚФБ);

## 2. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет көрсетушінің қызмет тәртібі

6. ЖАО арқылы қызмет берушінің адымдық әрекеттері мен шешімдері осы Регламенттің 4-қосымшасында келтірілген (ішінара автоматтандырылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың диаграммасы):

1) тұтынушы ЖАО-ға қызмет алуға жүгінгенде өзінде өтініш пен қажетті құжаттардың түпнұсқасы болуы тиіс. Тұтынушы өтінішінің және құжаттарының түпнұсқалығын ЖАО қызметкері тексереді;

2) 1-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін ЖАО қызметкерінің ЖАО АЖ–да ЖСН және парольді енгізу (авторландыру үдерісі) үдерісі;

3) 1-шарт – ЖСН және пароль арқылы ЖАО АЖ–да ЖАО-ның тіркелген қызметкері туралы деректердің дұрыстығын тексеру;

4) 2-үдеріс – ЖАО қызметкерінің деректерінде бұзыушылықтар болуына байланысты ЖАО АЖ–да авторландырудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

5) 3-үдеріс – ЖАО қызметкерінің осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету және оның құрылымы мен форматтық талаптарды ескере отырып, нысанды толтыруы үшін сұрау салу нысанын экранға шығару ( жеке тұлғаларға да деректер енгізу, кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттардың сканерленген көшірмесін бекіту) тұтынушының өтінімге қол қою үшін ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдап алуы;

6) 4-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың толтырылған нысанына ЖАО қызметкерінің ЭЦҚ арқылы қол қою (жеке тұлғаларға да деректер енгізу, кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттардың сканерленген көшірмесін бекіту);

7) 2-шарт – сәйкестендіру деректерінің (сұрауда көрсетілген ЖСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН арасындағы) сәйкестілігін, ЭЦҚ тіркеу куәлігінің мерзімін және ЖАО АЖ–да тіркеу куәлігінің қайта шақырылған ( жойылған) тізімде жоқтығын тексеру;

8) 5-үдеріс – ЖАО қызметкерінің ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

9) 6-үдеріс – ЖАО қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызметті өңдеуі;

10) 7-үдеріс – ЖАО қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін жасауы (облыс (қала) аумағында таратылатын шетелдік БАҚ тіркеу туралы анықтама немесе шетелдік БАҚ-ты тіркеуден уәждемелі бас тарту). Электрондық құжат ЖАО қызметкерінің ЭЦҚ пайдаланумен қалыптастырылады;

11) 8-үдеріс – ЖАО қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін қолма-қол немесе тұтынушының электрондық поштасына жіберу арқылы беруі;

7. Электронды мемлекеттік қызмет көрсетуде Орталық арқылы қызмет берушінің адымдық әрекеттері мен шешімдері осы Регламентке 3–қосымшада келтірілген (ішінара автоматтандырылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың диаграммасы):

1) 1-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үшін ХҚКО АЖ-да

ХҚКО операторының авторландыру үдерісі;

2) 1-шарт – ХҚКО АЖ-да ЖСН және пароль, не ЭЦҚ арқылы тіркелген оператор туралы деректердің дұрыстығын тексеру;

3) 2-үдеріс – ХҚКО операторының деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты ХҚКО АЖ-да авторландырудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

4) 3-үдеріс – ХҚКО операторының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету және оның құрылымы мен форматтық талаптарды ескере отырып (жеке тұлғаларға да деректер енгізу, кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттардың сканерленген көшірмесін бекіту), нысанды толтыру үшін сұрау салу нысанын экранға шығару;

5) 4-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың толтырылған нысанына (жеке тұлғаларға да деректер енгізу, кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттардың сканерленген көшірмесін бекіту) ХҚКО операторының ЭЦҚ арқылы қол қоюы;

6) 2-шарт – сәйкестендіру деректерінің (сұрау салуда көрсетілген ЖСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН арасындағы) сәйкестілігін, ЭЦҚ тіркеу куәлігінің мерзімін және ХҚКО АЖ–да тіркеу куәлігінің қайта шақырылған ( жойылған) тізімде жоқтығын тексеру;

7) 5- үдеріс – ХҚКО операторының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабаламаны қалыптастыру;

8) 6-үдеріс – ХҚКО опреторының ЭЦҚ қойылған электрондық құжатты ( тұтынушының сұрау салуын) ЭҮШ/ЭҮАШ арқылы ЖАО АЖ–ға жіберу және ЖАО қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызметті өңдеуі;

9) 7-үдеріс – ЖАО қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін жасауы (облыс (қала) аумағында таратылатын шетелдік БАҚ тіркеу туралы анықтама немесе шетелдік БАҚ-ты тіркеуден уәждемелі бас тарту). Электрондық құжат ЖАО қызметкерінің ЭЦҚ пайдаланумен қалыптастырылады;

10) 8-үдеріс - ХҚКО қызметкерінің шығыс құжатты қызметті тұтынушыға қолма-қол немесе электрондық поштаға жіберу арқылы беруі;

8. ЭҮП арқылы қызмет берушінің адымдық әрекеттері мен шешімдері осы Регламентке 2–қосымшада келтірілген (ішінара автоматтандырылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың № 3 диаграммасы):

1) тұтынушы ЖСН/БСН және парольдің көмегімен ЭҮП-те тіркелуді жүзеге асырады (ЭҮП-те тіркелмеген тұтынушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушының

ЖСН/БСН және парольді ЭҮП-те енгізу үдерісі (авторландыру үдерісі);

3) 1-шарт – ЭҮП-те ЖСН/БСН және пароль арқылы тіркелген тұтынушы туралы деректердің дұрыстығын тексеру;

4) 2-үдеріс – тұтынушының деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты ЭҮП-те авторландырудан бас тарту туралы хабаламаны қалыптастыру;

5) 3-үдеріс – тұтынушының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету және оның құрылымы мен форматтық талаптарды ескере отырып, тұтынушының нысанды толтыруы үшін сұрау салу нысанын экранға шығару (жеке тұлғаларға да деректер енгізу, кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттардың сканерленген көшірмесін бекіту);

6) 4-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың толтырылған нысанына (жеке тұлғаларға да деректер енгізу, кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттардың сканерленген көшірмесін бекіту) тұтынушының ЭЦҚ арқылы қол қою;

7) 2-шарт - сәйкестендіру деректерінің (сұрау салуда көрсетілген ЖСН/БСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы) сәйкестілігін, ЭЦҚ тіркеу куәлігінің мерзімін және ЭҮП-те тіркеу куәлігінің қайта шақырылған (жойылған) тізімде жоқтығын тексеру;

8) 5-үдеріс – тұтынушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабаламаны қалыптастыру;

9) 6-үдеріс - тұтынушының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжатты ( тұтынушының сұрау салуын) ЭҮШ/ЭҮАШ арқылы ЖАО АЖ-ға жіберу және ЖАО қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызметті өңдеуі;

10) 7-үдеріс – ЖАО қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін (облыс (қала) аумағында таратылатын шетелдік БАҚ есепке алу туралы анықтаманы немесе шетелдік БАҚ-ты есепке алудан бас тарту туралы дәлелді жауапты) қалыптастыру. Электрондық құжат ЖАО қызметкерінің ЭЦҚ пайдаланумен қалыптастырылады және ЭҮП-те жеке кабинетке жіберіледі;

9. Осы регламентке 5 қосымшада тұтынушыға ұсынылатын электронды мемлекеттік қызметке экранды үлгілер келтірілген:

10. Тұтынушының электрондық мемлекеттік қызмет бойынша сұрау салуының орындалу мәртебесін тексеру тәсілі: «электрондық үкімет» порталында «Қызмет алушының тарихы» бөлімінде, сондай-ақ қызмет берушіге немесе ХҚКО-ға жүгінген кезде.

11. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қажетті ақпарат және

консультацияны «электрондық үкімет» call-орталық телефоны бойынша алуға болады: (1414).

## 3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

12. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне қатысатын құрылымдық-функционалды бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ):
Орталықтың қызметкері;
ЖАО қызметкері.

13. Әрбір іс-қимылдың орындалу мерзімін көрсете отырып (рәсімдер, функциялар, операциялар), іс-қимылы дәйектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламентке 1–қосымшада келтірілген.

14. Сипаттамасына сәйкес олардың (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде) іс-қимылының қисынды дәйектілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін диаграммалар осы Регламентке 2, 3, 4 қосымшаларында келтірілген.

15. Регламенттің 6-қосымшасында электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері ұсынылуы тиісті нысандар, бланктердің үлгілері келтірілген.

16. Тұтынушыларға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы Регламенттің 7-қосымшасына сәйкес, сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

17. Тұтынушыларға электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қойылатын талаптар:
1) құпиялылық (санкциясыз ақпарат алудан сақтау);
2) тұтастылық (санкциясыз ақпаратты өзгертуден сақтау);
3) қолжетімділік (санкциясыз ақпарат пен ресурстарды ұстап қалудан сақтау).

18. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің техникалық талабы:
1) Интернетке шығу;
2) анықтама берілетін адамның ЖСН болуы;
3) ЭҮП, АЖ ХҚКО авторландыру;
4) тұтынушының ЭЦҚ болуы.

«Облыс аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпаратқұралдарын есепке алу» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне
1-қосымша

Әр іс-қимылдың (рәсімнің, функцияның, операцияның) орындалу мерзімін көрсете отыра, іс-қимылдың бірізділігінің мәтіндік кесте түріндегі сипаттамасы.

1-кесте. ЖАО арқылы іс-қимылдардың сипаттамасы

| 1) Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-қимыл (жұмыс барысының, ағынының) № | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 2 | ҚФБ, АЖ атауы | ЖАО | ЖАО АЖ | ЭҮАШ/ЭҮШ | ХҚКО АЖ |
| 3 | Іс-қимылдың ( үдерістің, рәсімнің , операцияның) атауы және олардың сипаттамасы | Тұтынушының өтініш және құжаттарының түпнұсқалы- ғын тексеру, ЖАО АЖ-ға деректерді енгізу | ЖАО қызметкерін жүйеде авторландыру және электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың нысанын толтыру | Сұрау салудың мәртебесін ЖАО АЖ-дан ХҚКО АЖ-ға ауыстыру туралы хабарламаны бағдарлау | Өтінішке нөмір беру. Ағымдағы мәртебені көрсете отырып, хабарламаны қалыптастыру |
| 4 | Аяқтау нысаны ( деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім) | Қызметті алуға өтінішті және құжаттарды қабылдау | Өтінішке нөмір бере отырып, сұрау салуды тіркеу | Сұрау салуды бағдарлау | Келіп түскендер мәртебесін көрсету |
| 5 | Орындау мерзімдері | 5 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес |
| 6 | Келесі іс-қимылдың нөмірі | 2 | 3 | 4 | 5 |

| 2) Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-қимыл (жұмыс барысының, ағынының) № | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 2 | ҚФБ, АЖ атауы | ЖАО | ЖАО АЖ | ЭҮАШ/ЭҮШ | ХҚКО АЖ |
| 3 | Іс-қимылдың ( үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы | Сұрау салуды орындау. Шетелдік БАҚ-тарды есепке алу туралы шешім қабылдау | Шығыс құжатын қалыптастыру | Сұрау салудың мәртебесін ХҚКО АЖ-ға ауыстыру туралы хабарламаны бағдарлау | Жұмыста мәртебесін көрсету |
| 4 | Аяқтау нысаны ( деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім) | Анықтаманы не дәлелді бас тартуды қалыптастыру | Жүйеде шығыс құжатын қалыптасты-ру | Сұрау салуды бағдарлау | Жұмыста мәртебесін көрсету |
| 5 | Орындау мерзімдері | 15 күнтізбелік күн | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес |
| 6 | Келесі іс-қимылдың нөмірі | 6 | 7 | 8 | 9 |

| 3) Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-қимыл (жұмыс барысының, ағынының) № | 9 | 10 | 11 | 12 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | ҚФБ, АЖ атауы | ЖАО | ЖАО АЖ | ЭҮАШ/ЭҮШ | ХҚКО АЖ |
| 3 | Іс-қимылдың ( үдерістің, рәсімнің , операцияның) атауы және олардың сипаттамасы | Шығыс құжатын жасау | Шығыс құжатына ЖАО қызметкері-нің ЭЦҚ қою. Қызмет көрсетудің мәртебесін ХҚКО АЖ-ға ауыстыру туралы хабарламаны қалыптастыру | Сұрау салудың мәртебесін ХҚКО АЖ-ға ауыстыру туралы хабарламаны бағдарлау | Қызмет көрсету аяқталғаны туралы хабарламаны көрсету |
| 4 | Аяқтау нысаны ( деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім) | ЖАО қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін қолма-қол немесе тұтынушының электрондық поштасына жіберу арқылы беруі | ЖАО қызметкерінің ЭЦҚ қойылған шығыс құжат. Мәртебесін ХҚКО АЖ-ға ауыстыру туралы хабарламаны жолдау | Бағдарлау | Орындауды аяқтау мәртебесін көрсету және шығыс құжатын беру |
| 5 | Орындау мерзімдері | 5 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес |
| 6 | Келесі іс-қимылдың нөмірі | 10 | 11 | 12 | - |

## 2-кесте. ХҚКО арқылы іс-қимылдардың сипаттамасы

| 1) Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-қимыл (жұмыс барысының, ағынының) № | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 2 | ҚФБ, АЖ атауы | ХҚКО | ХҚКО АЖ | ЭҮАШ/ЭҮШ | ЖАО АЖ | ЖАО |
| 3 | Іс-қимылдың ( үдерістің, рәсімнің , операцияның) атауы және олардың сипаттамасы | Тұтынушы-ның өтініш және құжаттарының түпнұсқа-лығын тексеру, ХҚКО АЖ-ға деректерді енгізу | ХҚКО қызметкерін жүйеде авторландыру және электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың нысанын толтыру | Сұрау салуды ХҚКО АЖ-дан ЖАО АЖ-ға бағдарлау | Өтінішке нөмір беру, орындауға жіберу | Құжат-тарды тексеру, жұмысқа өтінішті қабылдау |
| | | | | | ХҚКО АЖ-дан | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім) | Қызметті алуға өтінішті және құжаттар-ды қабылдау | Өтінішке нөмір бере отырып, сұрау салуды жүйеде тіркеу | Сұрау салуды бағыттау | ЖАО АЖ ға келіп түскендер мәртебесінде өтінішті көрсету | Жұмысқа сұрау салуды қабылдау |
| 5 | Орындау мерзімдері | 10 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 5 минуттан артық емес |
| 6 | Келесі іс-қимылдың нөмірі | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

2) Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-қимыл (жұмыс барысының, ағынының) № | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 2 | ҚФБ, АЖ атауы | ЖАО | ЖАО АЖ | ЭҮАШ/ЭҮШ | ХҚКО АЖ | ХҚКО |
| 3 | Іс-қимылдың (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы | Сұрау салуды орындау. Шетелдік БАҚ-тарды есепке алу туралы шешім қабылдау | Шығыс құжатын қалыптастыру | Сұрау салудың мәртебесін ХҚКО АЖ-ға ауыстыру туралы хабарламаны бағдарлау | Жұмыста мәртебесін көрсету | - |
| 4 | Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім) | Анықтаманы не дәлелді бас тартуды қалыптастыру | Жүйеде шығыс құжатын қалыптас-тыру | Сұрау салуды бағдарлау | Жұмыста мәртебесін көрсету | - |
| 5 | Орындау мерзімдері | 15 күнтізбелік күн | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | - |
| 6 | Келесі іс-қимылдың нөмірі | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |

3) Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-қимыл (жұмыс барысының, ағынының) № | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| 2 | ҚФБ, АЖ атауы | ЖАО | ЖАО АЖ | ЭҮАШ/ЭҮШ | ХҚКО АЖ | ХҚКО |
| 3 | Іс-қимылдың (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және | Шығыс құжатын жасау | Шығыс құжатына ЖАО қызметкерінің ЭЦҚ қою. Қызмет көрсетудің мәртебесін | Мәртебесін ХҚКО АЖ-ға ауыстыру | Қызмет көрсету аяқталғаны | ХҚКО қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін қолма-қол немесе |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | олардың сипаттамасы | | ХҚКО АЖ-ға ауыстыру туралы хабарламаны қалыптастыру | туралы хабарламаны бағдарлау | туралы хабарламаны көрсету | тұтынушының электрондық поштасына жіберу арқылы беру |
| 4 | Аяқтау нысаны ( деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім) | Қол қойылған шығыс құжатын ХҚКО-ға жіберу | ХҚКО АЖ ға орындау аяқталғандығы туралы хабарлама жіберу | Бағдарлау | Орындауды аяқтау мәртебесін көрсету | Қызмет көрсетудің нәтижесін беру |
| 5 | Орындау мерзімдері | 10 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 10 минуттан артық емес |
| 6 | Келесі іс-қимылдың нөмірі | 12 | 13 | 14 | 15 | - |

3-кесте. ЭҮП арқылы іс-қимылдардың сипаттамасы

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1) Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы | | | | | | |
| 1 | Іс-қимыл (жұмыс барысының, ағынының) № | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 2 | ҚФБ, АЖ атауы | ЭҮП | ЭҮАШ/ЭҮШ | ЖАО АЖ | ХҚКО АЖ | ЖАО |
| 3 | Іс-қимылдың ( үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы | Тұтынушыны ЭҮП-те автоландыру, сұрау салудың нысанын толтыру. Электрондық мемлекеттік қызметті алу үшін енгізілген деректердің дұрыстығын тексеру | Сұрау салуды ЖАО АЖ-ға және хабарламаны ХҚКО АЖ-ға бағдарлау ( енгізілген деректер дұрыс болған жағдайда) | Өтінішке нөмір беру және түскендердің мәртебесін көрсету ( енгізілген деректер дұрыс болған жағдайда) | ХҚКО АЖ-да ЭҮП-тен түскендермәртебесін көрсету (енгізілген деректер дұрыс болған жағдайда) | Өтінішті орындауға қабылдау, ( енгізілген деректер дұрыс болған жағдайда) |
| 4 | Аяқтау нысаны ( деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім) | Сұрау салудың сәтті қалыптасқандығы туралы хабарламаны көрсету немесе сұралып отырған электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру | Сұрау салуды бағдарлау ( енгізілген деректер дұрыс болған жағдайда) | ЭҮП-ке хабарламаны жіберу ( енгізілген деректер дұрыс болған жағдайда) | Мәртебенін көрсету (енгізілген деректер дұрыс болған жағдайда) | Жұмысқа қабылдау ( енгізілген деректер дұрыс болған жағдайда) |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Орындау мерзімдері | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 5 минуттан артық емес |
| 6 | Келесі іс-қимылдың нөмірі | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

2) Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-қимыл (жұмыс барысының, ағынының) № | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 2 | ҚФБ, АЖ атауы | ЖАО | ЖАО АЖ | ЭҮАШ/ЭҮШ | ЭҮП | ХҚКО АЖ |
| 3 | Іс-қимылдың ( үдерістің, рәсімнің , операцияның) атауы және олардың сипаттамасы | Сұрау салуды орындау. Шетелдік БАҚ-тарды есепке алу туралы шешім қабылдау | Шығыс құжатын қалыптастыру | ЭҮП пен ХҚКО АЖ-да « жұмыста» мәртебесін ауыстыру туралы хабарлама бағдарлау | «Жұмыста» мәртебесін көрсету | Хабарлама мен мәртебені көрсету |
| 4 | Аяқтау нысаны ( деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім) | Анықтаманы не дәлелді бас тартуды қалыптастыру | Жүйеде шығыс құжатын қалыптастыру | Бағдарлау | Мәртебені көрсету | Мәртебені көрсету |
| 5 | Орындау мерзімдері | 15 күнтізбелік күн | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес |
| 6 | Келесі іс-қимылдың нөмірі | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |

3) Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-қимыл (жұмыс барысының, ағынының) № | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| 2 | ҚФБ, АЖ атауы | ЖАО | ЖАО АЖ | ЭҮАШ/ЭҮШ | ЭҮП | ХҚКО АЖ |
| 3 | Іс-қимылдың ( үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы | Шығыс құжатын жасау | Шығыс құжатына ЖАО қызметкерінің ЭЦҚ қою. Қызмет көрсетудің мәртебесін ЭҮП пен ХҚКО АЖ-ға ауыстыру | Шығыс құжатын ЭҮП-те шығара отырып, мәртебесін ауыстыру туралы хабарламаны және мәртебесін ХҚКО-да ауыстыру | Шығыс құжатын қарау мүмкіндігімен қызмет көрсету аяқталғаны туралы хабарламаны көрсету | Қызмет көрсету аяқталғаны туралы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | туралы хабарламаны қалыптастыру | туралы хабарламаны бағдарлау | | хабарламаны көрсету |
| 4 | Аяқтау нысаны ( деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім) | Қол қойылған шығыс құжаты | ЭҮП-ке шығыс құжатымен хабарламаны және мәртебесін ХҚКО АЖ-ға ауыстыруды жолдау | Бағдарлау | Шығыс құжатын көрсету | Орындау мәртебесін көрсету |
| 5 | Орындау мерзімдері | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес | 1 минуттан артық емес |
| 6 | Келесі іс-қимылдың нөмірі | 12 | 13 | 14 | 15 | - |

Ескертпе:

Осы кестеде электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің технологиялық тізбегінде бірізді әрекеттердің аяқталу нысандары, орындалу мерзімдері және нөмірлері көрсетіліп, ЭҮП, АЖ және барлық ҚФБ әрекеттері ( функциялары, рәсімдері, операциялары) көрсетіледі.

Осы Регламентке 1-қосымшада кесте негізінде электрондық мемлекеттік қызметтерді көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың диаграммалары құрылады.

«Облыс аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша




ЭҮП арқылы «жартылай автоматтандырылған» электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы

«Облыс аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне.
3-қосымша




ХҚКО АЖ арқылы «жартылай автоматтандырылған» электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы

«Облыс аумағында таратылатыншетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 4-қосымша




ЖАО АЖ арқылы «жартылай автоматтандырылған» электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы

Шартты белгілер:

| | |
|---|---|
| | Бастапқы хабарлама |
| | Қортындылаушы хабарлама |
| АЖ | Ақпараттық жүйе |
| | Үдеріс |
| | Шарт |
| | Хабарлама ағыны |
| | Басқару ағыны |
| | Ақырғы тұтынушыға ұсынылатын электрондық құжат |

«Облыс аумағында таратылатыншетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 5-қосымша

Электрондық мемлекеттік қызмет өтінішінің экрандық нысаны

Ішкі саясат басқармасының Бастығы

________________________
(ТАӘ)

Өтініш

Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу туралы анықтаманы беруіңізді сұраймын:

Таратушының атауы:______________________________

Меншік иесі: ___________________________________
(атауы, БАҚ меншік иесінің ұйымдастырушылық-құқықтық нысан мекенжайы)

Таратушының мекенжайы: __________________________________

Таратушының телефоны: __________________________________

Бас редактордың (өкілінің) Т.А.Ә:_____________________

| № | Облыс (қала, аудан) аумағында таратылатын шетелдік БАҚ аталуының тізбесі | Шетелдік БАҚ таралу аумағы | Таратылатын шетелдік БАҚ тілі, тілдері | Мерзімділік | Таратылатын БАҚ негізгі тақырып бағыты | Мерзімдік баспа басылымының таратылатын данасының саны, дана | Теледидар және ра хабарларын тарату көлем | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | Шетелдік БАҚ бағдарламаларын сағаттар мен минуттарда қайта тарату | Бағдар. сағатта минут |
| 1. | | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | | |

Қосымша:
1.

Таратушының аты-жөні_________________________________________

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен тең.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

*Штрих-код «Электрондық әкімдік» ақпараттық жүйесі ұсынған және электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қойылған деректерді қамтиды Отдел занятости и социальных программ(АКСУ К.)
Штрих-код содержит данные, предоставленные информационной системой «Электронный акимат» и подписанные электронно-цифровой подписью Отдел занятости и социальных программ(Г.АКСУ)

«Облыс аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу»

электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне
6-қосымша

Электрондық мемлекеттік қызметтің өтінішінің экрандық нысаны

Құжат электрондық үкімет жүйесінде құралған
Документ сформирован системой электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер

Жіберілген күні
Дата подачи

Ішкі саясат басқармасы

Облыс (қала) аумағында таратылатын шетел БАҚ есепке алу туралы
№ _________АНЫҚТАМА

"Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 шілдедегі N 843 қаулысына сәйкес шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын таратуға келісу туралы: осы анықтама _________ ______________________________________________ берілді.
(таратушының атауы, ұйымдастыру-құқықтық нысаны)

| № | Облыс (қала, аудан) аумағында таратылатын шетелдік БАҚ аталуының тізбесі | Шетелдік БАҚ таралу аумағы | Таратылатын шетелдік БАҚ тілі, тілдері | Мерзімділік | Таратылатын БАҚ негізгі тақырып бағыты | Мерзімдік баспа басылымының таратылатын данасының саны, дана | Теледидар және радио ха… тарату көлемі | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | Шетелдік БАҚ бағдарламаларын сағаттар мен минуттарда қайта тарату | Шетел… бағдар… сағатт… минут… қайта т… |
| 1. | | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | | |

Анықтаманың әрекет ету мерзімі 201___ жылғы « 31 » желтоқсанға дейін
Ішкі саясат басқармасының бастығы ___________________________
(Т.А.Ә.)

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен тең.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

*Штрих-код «Электрондық әкімдік» ақпараттық жүйесі ұсынған және электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қойылған деректерді қамтиды Отдел занятости и социальных программ(АКСУ Қ.)
Штрих-код содержит данные, предоставленные информационной системой «Электронный акимат» и подписанные электронно-цифровой подписью Отдел занятости и социальных программ(Г.АКСУ)

## Шығыс құжатының (бас тарту) нысаны

e-gov Құжат электрондық үкімет жүйесінде құралған
Документ сформирован системой электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер

Жіберілген күні
Дата подачи

Шетелдік БАҚ есепке алудан бас тарту

______________________________________________________

(таратушыға анықтама берген жергілікті атқарушы орган атауы)

1) № 843 ҮҚ 6-тармағында көзделген құжаттар берілмеген;
2) Құжаттарда толық емес немесе дұрыс емес ақпарат көрсетілген;
3) Шетелдік БАҚ мәліметтерінде конституциялық құрылысты зорлықпен өзгерту , Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзу, мемлекеттің қауіпсіздігіне зиян келтіру, соғыс, әлеуметтік, сословиелік, діни, нәсілдік, ұлттық және рулық артықшылықты, қаталдыққа табыну, зорлық және порнографияны үгіттеу немесе насихаттау мазмұны бар;
4) Осы қызмет түрімен айналысуға тыйым салу туралы таратушыға қатысты сот шешімі бар;
5) Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік БАҚ өнімдерін таратуға тыйым салу туралы сот шешімі бар.

Осыған байланысты мыналарды есепке алу мүмкін емес:

| № | Облыс (қала , аудан) аумағында таратылатын шетелдік БАҚ аталуының тізбесі | Шетелдік БАҚ таралу аумағы | Таратылатын шетелдік БАҚ тілі, тілдері | Мерзімділік | Таратылатын БАҚ негізгі тақырып бағыты | Мерзімдік баспа басылымының таратылатын данасының саны, дана | Теледидар және радио ха | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | Шетелдік БАҚ бағдарламаларын сағаттар мен минуттарда қайта тарату | Шетел бағдар сағатт минут қайта т |
| 1. | | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | | |

Ішкі саясат басқармасының бастығы ______________________________

(Т.А.Ә.)

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен тең.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

*Штрих-код «Электрондық әкімдік» ақпараттық жүйесі ұсынған және электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қойылған деректерді қамтиды Отдел занятости и социальных программ(АКСУ Қ.)
Штрих-код содержит данные, предоставленные информационной системой «Электронный акимат» и подписанные электронно-цифровой подписью Отдел занятости и социальных программ(Г.АКСУ)

Шығыс құжатының нысаны (құрамдастырылған жауап)

Құжат электрондық үкімет жүйесінде құралған
Документ сформирован системой электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер

Жіберілген күні
Дата подачи

І ш к і с а я с а т б а с қ а р м а с ы
Облыс (қала) аумағында таратылатын шетелдік БАҚ есепке алу туралы № ________АНЫҚТАМА
"Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 шілдедегі N 843 қаулысына сәйкес шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын таратуға келісу туралы: осы анықтама ________ ________________________________________________ берілді.
(таратушының атауы, ұйымдастыру-құқықтық нысаны)

| № | Облыс (қала, аудан) аумағында таратылатын шетелдік БАҚ аталуының тізбесі | Шетелдік БАҚ таралу аумағы | Таратылатын шетелдік БАҚ тілі, тілдері | Мерзімділік | Таратылатын БАҚ негізгі тақырып бағыты | Мерзімдік баспа басылымының таратылатын данасының саны, дана | Теледидар және радио ха тарату көлемі | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | Шетелдік БАҚ бағдарламаларын сағаттар мен минуттарда қайта тарату | Шетел бағдар сағатт минут қайта т |
| 1. | | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | | |

Шетелдік БАҚ есепке алудан бас тарту

| № | Облыс (қала, аудан) аумағында таратылатын шетелдік БАҚ аталуының тізбесі | Шетелдік БАҚ таралу аумағы | Таратылатын шетелдік БАҚ тілі, тілдері | Мерзімділік | Таратылатын БАҚ негізгі тақырып бағыты | Мерзімдік баспа басылымының таратылатын данасының саны, дана | Теледидар және радио ха тарату көлемі | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | Шетелдік БАҚ бағдарламаларын сағаттар мен минуттарда қайта тарату | Шетел бағдар сағатт минут қайта т |
| 1. | | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | | |

Осыған байланысты мыналарды есепке алу мүмкін емес:
6) № 843 ҮҚ 6-тармағында көзделген құжаттар берілмеген;
7) Құжаттарда толық емес немесе дұрыс емес ақпарат көрсетілген;
8) Шетелдік БАҚ мәліметтерінде конституциялық құрылысты зорлықпен өзгерту , Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзу, мемлекеттің қауіпсіздігіне зиян

келтіру, соғыс, әлеуметтік, сословиелік, діни, нәсілдік, ұлттық және рулық артықшылықты, қаталдыққа табыну, зорлық және порнографияны үгіттеу немесе насихаттау мазмұны бар;
9) Осы қызмет түрімен айналысуға тыйым салу туралы таратушыға қатысты сот шешімі бар;
10) Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік БАҚ өнімдерін таратуға тыйым салу туралы сот шешімі бар.
Анықтаманың әрекет ету мерзімі 201___ жылғы « 31 » желтоқсанға дейін
Ішкі саясат басқармасының бастығы _______________________________
(Аты-жөні)

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен тең.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

*Штрих-код «Электрондық әкімдік» ақпараттық жүйесі ұсынған және электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қойылған деректерді қамтиды Отдел занятости и социальных программ(АКСУ К.)
Штрих-код содержит данные, предоставленные информационной системой «Электронный акимат» и подписанные электронно-цифровой подписью Отдел занятости и социальных программ(Г.АКСУ)

«Облыс аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне
7-қосымша
Электрондық мемлекеттік қызмет көрсеткішін сауалнама анықтауға арналған нысаны: «сапа» және «қолжетімділік»
______________________________________________________
(қызметтің атауы)

1. Сіз электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің үдерісі мен нәтижесінің сапасына қанағаттанасыз ба?
1) қанағаттанбаймын;
2) жартылай қанағаттанамын;
3) қанағаттанамын.

2. Сіз электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі туралы ақпараттың сапасына қанағаттанасыз ба?
1) қанағаттанбаймын;
2) жартылай қанағаттанамын;
3) қанағаттанамын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК